

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Градиент – бұл

- A) тартылыс күші потенциалының үшінші туындысы
- B) геоид бетінде қозғалу бойынша жұмыс
- C) ауырлық күшінің кез-келген бағытта нүктеден нүктеге дейін өзгеру жылдамдығы
- D) құлау қозғалысын жасау үшін денеге берілетін үдеу
- E) тыныш күйдегі мұхит және теңіз бетімен сәйкес өтетін деңгейлік немесе эквипотенциалды бет

2. СИ-дегі магнит индукциясының өлшем бірлігі

- A) Тесла
- B) А·кг
- C) Гамма
- D) А·м
- E) А/м

3. Кедергі әдісінің электрлік барлау үшін тура есебі

- A) ауырлық күші аномалиясын есептеу әртекті тығыздыққа негізделген
- B) электрлік өріс және көрінерлік кедергі жартылай кеңістікте жоғарғы бөлігін ауа, ал төменгіні екі қабатты горизонталь қабатты орта деп қарастырады
- C) дененің формасы, жатыс тереңдігі, жатыс жағдайы, өлшемі және тығыздығы арқылы ауырлық күші аномалиясын және екінші туынды потенциалын табу
- D) бізге белгілі объектінің формасы, тереңдігі, магниттелуі арқылы магниттік аномалияларды табу (T_a , Z_a және т.б.)
- E) сейсмикалық қиманың толқындарының келу уақыты (t) мен амплитудасын (A) есептеу

4. Тұрақты табиғи электр өрісіне (ТӨ) мыналар жатады :

- A) аз жиілікті квази-гармоникалық ғарыштық және атмосфералық өріс («теллурлық», «атмосфералық»).
- B) табиғи электрохимиялық және электрокинетикалық өрістері
- C) импульсті (айнымалы) электромагниттік өріс
- D) тұрақты ток тудыратын изоляцияланған сымдарға қосылған генератор, аккумулятор, батарея көмегімен туындаған өрістер
- E) жасанды айнымалы гармоникалық электромагниттік өріс

5. Геофизикалық зерттеулердің негізгі міндеттері :

- A) жер қыртысында планеталық эволюция кезінде пайда болған терең күштердің, планета ішіндегі заттардың қозғалысын және процестердің табиғатын зерттейтін геологияның бір бөлігі
- B) геохимиялық мәліметтер интерпретациясы арқылы шөгінді жыныстардың фашиалдық құрамын және қимасын зерттейттеу
- C) физикалық қасиеті бойынша геологиялық жаратылысын және геологиялық объектілерді табу
- D) адамның, жануарлардың, өсімдіктердің, микроорганиздердің қоршаған ортамен байланысын зерттеу
- E) тірі жаратылыстарды және олардың геолгиялық ортамен байланысын зерттеу

6. Электрлік барлаудың қондырғысы түсінігі

- A) ұңғыманы каротаж кабелі арқылы өлшеу
- B) тіректі және бақылау торы арқылы аймақты зерттеу
- C) ток көзі және қабылдаушы электродтар арасындағы комбинация
- D) жарылғыш көз бен қабылдаушының орналасуы
- E) аймақтық, жергілікті және барлау профилдері арқылы жүргізу

7. Гравитациялық барлау физиканың _____ негізделеді

- A) ньютоннің екінші заңына
- B) ньютоннің бірінші заңына
- C) бүкіл әлемдік тартылыс заңына
- D) ньютоннің үшінші заңына
- E) дененің еркін түсу заңына

8. Келесі факторлардың әсерінен гравитациялық аномалияларды міндетті түрде есептейді

- A) гравиметр өлшеулеріне массалар таралуының біртектіеместіктерінің, нүктенің географиялық орны мен оның биіктігінің, жер бедерінің қосылған бұрмалауыш әсері
- B) гравиметр өлшеулеріне жердің пішіні мен радиусының, деңгейлік беттің орны, массалардың жатыс тереңдігінің бұрмалауыш әсері
- C) гравиметр өлшеулеріне жер бетіне жақын орналасқан массалардың, олардың жатыс тереңдігі мен мөлшерлерінің бұрмалауыш әсері
- D) гравиметр өлшеулеріне ай және күннің орнының, кристалды ірге тастың бедері мен оның жатыс тереңдігінің бұрмалауыш әсері
- E) гравиметр өлшеулеріне мұхит және теңіздегі судың тасуы мен кетуінің бұрмалауыш әсері

9. Снелиус заңы келесі жағдайда орындалады:

A) құлау бұрышы критикалық бұрыштан аз болса

B) әрдайым орындалады

C) «P» в «S» толқындардың типтері өзгерсемесе немесе керісінше

D) қисықсызықтық шекараларда

E) тек тегіс шекараларда және келесі теңдеуімен анықталады $\frac{\sin \alpha}{V_1} = \frac{\sin \beta}{V_2}$

10. Геофизикалық мәліметтерін геологиялық интерпретациялаудың негізі болып саналады

A) геозкология заңдары

B) кеукті кеңестіктің құрылымы

C) объектінің тереңдігі, қалыңдығы, созылуы

D) петрофизикалық байланыс, физикалық қасиеттеріне байланысты ортаның біртекті еместігіне сүйене отырып геологиялық объектіге көшу мүмкіндік беретін

E) тереңдікпен жыныстардың кеуктілігінің өзгерісі